

**С. А. Асатаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының
оқытушысы**

ҚАЗАҚСТАН ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА

Аннотация. Мақалада тұрақты даму туралы түсінік және Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға қол жеткізу бағытындағы шаралары көрсетіледі.

Түйін сөздер: тұрақты даму, экологиялық мәселелер, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, экологиялық конвенциялар мен халықаралық келісімдер.

Тұрақты даму қазіргі уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтың өз қажеттіктерін қанағаттандыру қабілеттілігіне қауіп төндірмейтін даму (Брундтланд комиссиясы, БҰҰ, 1987 ж.) болып табылады.

Тұрақты даму тұжырымдамасының маңызды басталу көзі — Рим клубының баяндамасы. Рим клубы — 1968 жылы италияндық экономист, қоғам қайраткері және бизнесмен А. Печчеи бастамасымен құрылған мемлекеттік емес халықаралық ұйым, ол адам тіршілігінің негіздерін қозғайтын ғаламдық проблемаларды: қару-жарақпен жарактану жарысы және ядролық соғыс қаупі, қоршаған ортаны ластауды зерделеу бағдарламасына бастама болған¹.

Тұрақты дамуды қамтамасыз етудің негізгі міндеттеріне мыналарды жатқызамыз:

- қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру;
- табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды басқарудың тиімді жүйесін құру;
- табиғи қорларды теңестірілген пайдалану негіздерін қалау.

Экологиялық мәселелерге байланысты осы міндеттерді іске асыру, тұрақты даму мәселесін шешу жолдары болып табылады.

Жер бетіндегі тіршілікті қорғау бүкіл адамзаттың бірігуін талап етеді. Тұрақты даму мәселесін шешудің ең қарапайым тәсілі, әр адамның экологиялық сауатсыздығын жоюдан бастау керек. Адамның ең негізгі мақсаты — биосфераны қорғау және сақтап қалу.

Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін адам ретсіз дамуды тиімді, реттелген, табиғат пен қоғамның даму заңдарына негізделген дамуға өтуі тиіс. Тек осы кезде ғана адамзат қоғамының дамуы үздіксіз, ұзақ уақыттық, бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз дамиды.

XXI ғасырдың күн тәртібін орындау үшін кейбір мемлекеттердің ерекшеліктерін ескеріп, тұрақты дамудың ұлттық стратегиясын дайындап қабылдау қажет. Қазақстан Республикасы Еуразиялық континентте экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Еуропа мен Азия арасындағы саяси, мәдени және экономикалық көпір бола тұра, Қазақстан континентте ландшафты және экологиялық жүйелерді дамытуда байланыстырушы функцияны атқарады. Қазақстан территориясының көлемі, климаттық жағдайының әртүрлілігі, аумақтық су балансының ерекшеліктері, бүкіл Еуразия аумағын Қазақстанның тұрақтылығына тәуелді етеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тұрақты даму сферасындағы халықаралық процестерге белсенді қатысып келеді. Әлемдік қауымдастықтың толық құқықтық қатысушысы бола тұра, Қазақстан өзіне XXI ғасыр күн тәртібіне (Рио-де-Жанейро, 1992) және мыңжылдық Саммиттің декларациясындағы (Нью-Йорк, 2000), Тұрақты даму бойынша әлемдік Саммиттің (Йоханнесбург, 2002) қойылған мақсаттарды орындау міндетін алды. Қазақстан болса, оның XXI ғасырдағы рөлін көрсететін бірнеше маңызды стратегиялық құжаттар қабылдады.

Қазақстанда тұрақты даму саясатын қалыптастыруда және орындауда саяси тұрақтылық, сыртқы үйлесімді саясат, әлемдік саясаттың кеңістіктегі тұрақты орны, жоғары деңгейдегі қоғамдық қауіпсіздік, шекаралық, мемлекетаралық және ұлтаралық қақтығыстардың, халықаралық терроризм оқиғаларының жоқтығы сияқты бірнеше ішкі және сыртқы шарттар бар. Қазақстан БҰҰ, МВФ, ВБ, ЮНЕП, ЕЭК, ЭСКАТО, ТАСИС және т. б. сияқты өте маңызды халықаралық ұйымдар мен бағдарламалардың мүшесі. Қазақстан Республикасында экологиялық саясатты нығайту жағдайлары құрылуда. Оның дәлелі — жиырма шақты экологиялық конвенциялар мен халықаралық келісімдер ратификациясы, соның ішінде Орхус конвенциясы (Орхус қаласы, Дания, 1998) — ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың көлемін арттыру және де мемлекеттік емес ұйымдардың ролін арттыру. Мұның бәрі Қазақстан территориясы ХХІ ғасырда «тұрақты даму зонасы» болуы мүмкін. Сонда Қазақстанның бай табиғи ресурстары болашақ ұрпақтардың игілігіне айналады, ал еліміз Орталық Азияда және бүкіл континенттің үйлесімді дамудың кепілі бола алады².

Қазақстандағы саяси ахуал бүкіл әлемге тұрақтылықтың, конфессияаралық келісімнің, еліміздің барлық азаматтарының мүддесінде демократия мен қоғамдық институттарды дамытудың бірегей үлгісін танытып отыр. Қазақстанның тұрақты саяси дамуы әлемдік қоғамдастық үшін теңгерімді бастамалардың көзі ретінде еліміздің қалыптасуында маңызды рөл атқара алады және атқаруға тиіс.

Қазақстан өңірлерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайларында айтарлықтай алшақтық бар. Демографиялық жағдай мен халықтың денсаулығының жай-күйінде проблемалар бар, әзірге оның құқықтық, экономикалық, экологиялық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі орын алуда. Бұл кедергілерді еңсеру Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу жолындағы басты кезеңдік міндеті болуға тиіс. Тұрақты даму мақсатындағы ғылым мен білім беру, қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер адамзаттың тіршілігін сақтау мақсатында жұмыс істейді. ХХІ ғасырда биосферада қауіпті өзгерістер болуы мүмкін. Ғалымдар төмендегі мәселелерді зерттеуде: ауа райының өзгеруі, ресурстарды тұтынудың артуы, демографиялық тенденциялар, ортаның деградациясы, энергия мен ресурстарды пайдалану, биосфераның космостық зерттеулері, ортаның адам денсаулығына әсері және т. б. Бағдарлама әртүрлі жастағы адамдардың қоршаған ортаны қорғау мен даму мәселелері бойынша білім алуын қамтамасыз етуі керек. Экологиялық білім беру — адамзаттың тұрақты дамуының қажетті шарты.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются понятие устойчивого развития и пути достижения устойчивого развития Республики Казахстан.

RESUME

In the given article is analysed the notion of firm development and the ways of achievement of firm development of the Republik of Kazakhstan.

-
- ¹ Колумбаева С. Ж., Білдебаева Р. М., Шәріпова М. Ә. Экология және тұрақты даму: Оқу құралы. — Алматы, 2012. — 130-б.
- ² Башова А. Қ. Экология және тұрақты даму: Оқу құралы. — Алматы, 2013. — 152-б.